

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 мамырдағы N 425 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 10, 108-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасында:

мәтіндегі "2001-2002 жылдар", "2001-2003 жылдар", "2001-2003 жылдарда", "2001-2003 жылдарға", "2002-2003 жылдар" және "2001 жыл", "2001 жылға" деген сөздер тиісінше "2001-2005 жылдар", "2001-2005 жылдарда", "2001-2005 жылдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-бөлімдегі "Орта мерзім " деген сөздер алынып тасталсын;

5-бөлімнің 4-тармағының бірінші абзацындағы "шешімдер қабылдауды қолдаудың ақпараттық-талдау жүйелері" деген сөздер "оның ішінде геоақпараттық жүйелер пайдаланылатын, геоақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, шешімдер қабылдауды қолдаудың ақпараттық-талдау жүйелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

6 - б ө л і м д е :

бірінші абзацтағы "кезең-кезеңмен" деген сөз алынып тасталсын;

"1-КЕЗЕҢ. 2001 жыл - 2002 жылғы шілде" деген сөздер алынып тасталсын;

"Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелердің жай-күйінің мониторингі" деген 1-шағын бағдарламада :

мынадай мазмұндағы бірінші абзацпен толықтырылсын:

"Шағын бағдарламаны іске асырудың негізгі мақсаты ақпараттандыру саласындағы тиімді мемлекеттік басқару жүйесін құру болып табылады.";

бесінші абзацтағы "қаржы-экономикалық және заң мақсатындағы бағдарламалар мен деректерді" деген сөздер "ақпараттық жүйелер мен ресурстарды" деген сөздермен ауыстырылсын ;

сегізінші абзацтағы "Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігімен" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесімен" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Деректердің электрондық алмасу стандарттарын жасау" деген 2-шағын бағдарламаның екінші абзацының қазақ тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалады;

"Электрондық сауда-саттықты, аукциондар мен тендерлерді енгізу" деген 3-шағын бағдарлама мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Электрондық сауда-саттықтың дамуына мемлекеттік экономикалық ықпалын ескере отырып, республиканың нарықтық экономикасы идеологиясының негізінде Қазақстан Республикасының электрондық саудасын қалыптастыру тұжырымдамасын әзірлесін ; " ;

"Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын жасау" деген 4-шағын бағдарламада :

3) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мемлекеттік органдардың бірыңғай электрондық құжат айналымының жүйесін құру " ;

5) тармақшаның алтыншы абзацынан кейін мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын :

"6) Мемлекеттік органдар үшін бірыңғай резервтік сервер орталығын құру.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру үшін тек ақпараттық-телекоммуникациялық жабдықтар сатып алу ғана емес, сонымен бірге оны монтаждау, орнату, сапалы техникалық және ақпараттық қолдау талап етіледі, бұл мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстарына шектеулі қол жеткізуге, олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды арттыруға әкеп соғады. Қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында мемлекеттік органдарға аумақтық жақын орналасқан жеке режимдік ғимарат салуды көздейтін мемлекеттік органдар үшін бірыңғай резервтік сервер орталығын құру қажет. Сервер орталығында осы Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру және қолдау жөніндегі аппараттық-ұйымдастыру кешені орналасатын болады ;

7) энергетика және минералдық ресурстар саласындағы ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту.

Энергетика және минералдық ресурстар саласында мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен сапасын арттыру үшін автоматтандырылған ақпараттық-телекоммуникациялық және ақпараттық-талдау жүйелерін құру және олардың мемлекеттік органдардың қазір қолда бар әрі әзірленіп жатқан ақпараттық жүйелерімен біріктірілуін қамтамасыз ету қажет.";

о т ы з а л т ы н ш ы а б з а ц т а :

"Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"2-КЕЗЕҢ. 2002-2003 жылдар" деген сөздер алынып тасталсын;

"Мемлекеттік қаржының ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерінің интеграциялануы" деген 5-шағын бағдарламада:

тақырыбындағы "қаржының" деген сөз "органдардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"салық және кеден қызметтерінің," деген сөздер "салық, кеден қызметтерінің және жер ресурстарын басқару жөніндегі органдардың," деген сөздермен ауыстырылсын;

"(бұдан әрі - қаржы органдары)" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші, үшінші, төртінші және сегізінші абзацтардағы "қаржы" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы "қаржы" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"мемлекеттік органдардың ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерін біріктірудің тұжырымдамасын әзірлеуді;"

он екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Шағын бағдарламаның орындаушылары - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қаржы министрлігі.";

"Мемлекеттік деректер базасын құру" деген 6-шағын бағдарламада:

ж и ы р м а е к і н ш і а б з а ц т а :

"Табиғи ресурстар және", "Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі" деген сөздер алынып тасталсын;

"Мемлекеттік кіріс министрлігі" деген сөздер "Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Дамудың әлеуметтік-экономикалық мониторингі" деген 7-шағын бағдарламада он үшінші абзац "Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі" деген сөздермен толықтырылсын;

7-бөлім мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен мынадай көлемде оның

ішінде	мына	жылдар	бойынша	қаражат	көзделеді:
		2001	жылы	- 100 млн.	теңге;
		2002	жылы	- 1 087,277 млн.	теңге;
		2003	жылы	- 1 256,49 млн.	теңге;
		2004	жылы	- 10 086,63 млн.	теңге;
		2005	жылы	- 5 223,01 млн.	теңге.

Бұл ретте Бағдарламаны қаржыландырудың жыл сайынғы көлемі тиісті жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.";

8-бөлімнің бірінші абзацында:

бірінші, екінші, үшінші сөйлемдер алынып тасталсын;

"2002 жылдан бастап" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына тиісті өзгерістер енгізсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті